БЕКІТЕМІН
«Риддер колледжі» КМҚК
директоры
_____ С.А. Асқаров
2026 жылғы 29 қазан

«Риддер колледжі» КМҚК-дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін лауазымдардың тізбесі

Р/с №	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшырауы мүмкін лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Директор	Колледж қызметіне басшылық жасау; басқарушылық шешімдер қабылдау; құжаттарға, оның ішінде колледжді қаржыландыруға байланысты құжаттарға қол қою.	Мүдделер қақтығысы; лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану немесе теріс пайдалану; қаржы қаражатына билік ету кезінде негізсіз шешімдер қабылдау.
2	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	Оқу процесін ұйымдастыру, жоспарлау, есепке алу және бақылау; есептілікті дайындау; педагогтердің жұмысын үйлестіру. Тиісті өкілеттіктер жүктелген жағдайда директор болмаған кезеңде оның міндеттерін атқару.	Мүдделер қақтығысы; жекелеген қызметкерлерге немесе білім алушыларға негізсіз артықшылықтар беру; лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану.
3	Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары	Оқу-өндірістік процесті ұйымдастыру және бақылау; зертханалар мен кабинеттерді жарақтандыру қажеттілігін анықтауға және сатып алуға арналған техникалық ерекшеліктерді дайындауға қатысу. Тиісті өкілеттіктер жүктелген жағдайда директор болмаған кезеңде оның міндеттерін атқару.	Мүдделер қақтығысы; техникалық ерекшеліктерді нақты бір өнім берушіге бейімдеп әзірлеу; тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті негізсіз айқындау.
4	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары	Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, жоспарлау және бақылау; педагогтердің қызметін үйлестіру және есептілікті дайындау. Тиісті өкілеттіктер жүктелген жағдайда директор болмаған кезеңде оның міндеттерін	Мүдделер қақтығысы; лауазымдық өкілеттіктер шеңберіндегі мәселелер бойынша объективті емес шешімдер қабылдау; жекелеген қызметкерлерге негізсіз

		аткару.	артықшылықтар беру.
5	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және бақылау; «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік қызметін көрсетуге қатысу. Тиісті өкілеттіктер жүктелген жағдайда директор болмаған кезеңде оның міндеттерін аткару.	Мүдделер қақтығысы; жатақхана беру туралы өтініштерді объективті карамау; жекелеген білім алушыларға негізсіз артықшылықтар беру.
6	Бас бухгалтер	Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және бақылау; активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды есепке алу; есеп айырысуларды және қаржылық есептіліктің дайындалуын бақылау.	Мүдделер қақтығысы; міндеттемелердің тиісінше орындалғанын растамай төлемдер жүргізу; басқарушылық шешімдерге әсер ететін есеп деректерін бұрмалау немесе жасыру.
7	Кадр бөлімінің инспекторы	Жеке істерді жүргізу және сақтау; қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату жөніндегі құжаттарды ресімдеу; кадр жұмысын ұйымдастыруға қатысу.	Мүдделер қақтығысы; кадрлық шешімдерді ресімдеу кезінде негізсіз артықшылықтар беру; кадрлық құжаттарға дәйексіз мәліметтер енгізу.